

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды
балаларға арналған №3 облыстық
мамандандырылған мектеп-интернатының
2025-2026 оқу жылының №4 педагогикалық кеңесі**

**Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар мен тұлғалық даму:
заманауи ұстаз көзқарасы»
Абай желілік мектептері аясындағы педагогтердің тәжірибесі**

Күн тәртібі:

1. №3 педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы.
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: К.Мухаметжанова
2. III тоқсандағы оқушылар қозғалысы, оқушылар үлгерімі мен білім сапасының сараптамалық талдауы.
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: К.Мухаметжанова
3. Қаңтар мен наурыз айларындағы ҰБТ сараптамалық талдау.
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: К.Мухаметжанова
4. Тәжірибе алаңы: «Абай мұрасы – ұлттық құндылық пен тұлғалық дамудың тәжірибелік моделі» дарынды балалармен жұмыс тәжірибесі, нәтижесі, даму перспективасы
Гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, қазақ тілі мұғалімі – Ахат А.Н., қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі – Оңғарбай Ж.
5. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу» бойынша бірлескен жұмыстар
Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары Кайржанова М.Н., педагог-психолог Рысмаганбетова А.М., әлеуметтік педагог Сундык А.М.
6. Қорытынды аттестаттау, сыныптан – сыныпқа көшіру емтихандарының мерзімдері көрсетілген кестесін бекіту.
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: К.Мухаметжанова
7. Олимпиада, ғылыми жоба, шығармашылық мамандандырылған байқау нәтижелерін талдау
Директордың бейіндік оқыту бойынша орынбасары: Торсунова Б.Р.

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі жөнінде 2025 - 2026 оқу жылының I-і жартыжылдығы бойынша өткізілген №3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Мухаметжанова баяндап өтті.

1 сұрақ бойынша: 1 жартыжылдықты «қанағаттарлық» бағамен 30 оқушы аяқтады, оның ішінде бір пәннен «3» – ке 9 оқушы шықты, оның ішінде ағылшын тілінен – 6 оқушы (Ержанатқызы Айым 7А, Хамидулла Ернар, 7 Ә, Молдабекова Кәусәр, Теміржан Темірлан - 9А , Ергалиева Айнаш, Қарқын Дархан - 9 Б), орыс тілінен- 1 (Сабыр Хадиша, 7 Ә), химиядан - 1 оқушы (Хамидулла Ақнұр, 9 А), алгебрадан -1 (Қаратай Саят -11 А).

«4» - ке үміткерлер: (ағылшын тілінен – 3 оқушы II тоқсандағы тұрақсыздық жойылып, сабаққа белсенді қатысуының арқасында білім сапасы тұрақталды. Үшінші тоқсан бойынша 9 оқушыдан 4-і (9 А - дан Молдабекова Кәусәр, Теміржан Темірлан, Хамидулла Ақнұр, 9 Б - дан Ергалиева Айнаш) «екпінділер» қатарына шықты, ал 5 оқушыда «3» баға енді бір пәннен емес бірнеше пәннен шықты. Ержанатқызы Айым 7А – 3 пәннен (қазақ әдебиеті, орыс тілі және ағылшын тілі), 7 Ә-ден Хамидулла Ернар – химия+ ағылшын тілі, 9 Б-дан Қарқын Дархан биология, физика+ ағылшын тілі), 11 А-дан Қаратай Саят – геометрия, химия + ағылшын тілі). Мұхамед Аяулым 7 А, ағылшын тілінен Алтынбек Сағыныш, Шәуәли Кәусар және орыс тілінен Серикбаева Армангүл 8 Б сыныптан.

«5» - ке үміткерлер: (биологиядан Мұхамед Аяулым 7 А, ағылшын тілінен Алтынбек Сағыныш, Шәуәли Кәусар және орыс тілінен 8 Б сыныптан Серикбаева Армангүл үздіктер қатарына қосылды.

Ағылшын, орыс тілдерінен грамматикалық базаны нығайту және сөздік қорды кеңейту арқылы сапаны көтеру оқушылармен жеке жұмыс жасалды.

Қорытынды баға «3» ағылшын тілінен – 3 оқушыда қалды (Ержанат Айым 7А, Хамидулла Ернар, 7 Ә, Қарқын Дархан - 9 Б.

Оқушылардың өздік жұмыс істеу дағдысының төмендігі, ағылшын тілінен жаңа сөздерді жаттамайтын себебінен бағалары сол деңгейде қалды. Жағдайды дұрыстау үшін оқушының мотивациясын арттыру қажет.

2 сұрақ бойынша: Тәжірибе алаңы: «Менің кәсіби жетілу жолым: тәжірибе, ізденіс, нәтиже»

Мерзімнен бұрын педагог-сарапшы категориясына аттестаттаудан өту үшін Сағатай Айдана Асқарқызы, Қараманова Гүлнұр Мақсетовна, Рысмағанбетова Айдана Муратовна, педагог-модератор категориясына Айдарханов Алихан Нурланович, Нәзібек Мейіржан Еркінбекұлы «Ұстаз» платформасына қажетті құжаттарды кезең-кезеңімен уақытылы жүктеуде. Директор орынбасары құжаттардың сапасына сараптама жасап, әдістемелік және техникалық қолдау көрсетуде.

3 сұрақ бойынша «ДосболLIKE» антибуллинг бағдарламасы аясында оқушылардың эмоционалдық хал-ахуалын жақсартуға, достық қарым-қатынасты

нығайтуға және мектептегі жағымды атмосфераны қалыптастыруға ұйымдастырылған ойын-сауық іс-шаралары «жақсы» деңгейде өткізілуде.

Мектеп психологы мен сынып жетекшілері оқушылар арасында буллингтің алдын алу мақсатында ай сайын «Қауіпсіз орта» тақырыбында тренингтер мен сауалнамалар өткізілуде.

4 сұрақ бойынша: Кәсіби бағдар беруші 9-11 сынып оқушылармен жеке жұмыс барысында еңбекқорлық құндылықтарын дәріптеуге назар аударылады. Білім алушылардың мамандыққа қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп түлектерімен, өндіріс орындарының мамандарымен, ардагерлермен кездесулер ұйымдастырылып, оқу жылының бірінші жартыжылдығында жүргізілген кәсіби бағдар беру жұмыстары жүйелі әрі нәтижелі болды. Оқушылардың басым бөлігінде болашақ оқу бағытына қатысты түсінік қалыптасты, ал шешім қабылдауда күмәнданған оқушыларға нақты бағыт-бағдар берілді. Өткізілген тренингтер, дөңгелек үстелдер, кәсіби ойындар, байқаулар, университеттермен және колледждермен ұйымдастырылған кездесулер оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын айқындауға, саналы таңдау жасауына және өз болашағына жауапкершілікпен қарауына ықпал етті. Алдағы кезеңде бұл жұмыс жоспарлы түрде жалғасын табады.

2. Күн тәртібінде қарастырылған екінші мәселе III тоқсан соңындағы оқушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдауы бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мухаметжанова К.А мәлімет ұсынды. III тоқсан бойынша тоқсанды 203 оқушы тәмәмдады. Оның ішінде мектеп бойынша жалпы білім сапасы – **84,2%** пайызды құрады. Атап айтар болсақ, тоқсанды үздік бағалармен аяқтаған оқушылар саны – **38 (18,7%)** көрсеткішті көрсетті. Үлгерімі жақсы оқушылар саны – **133 (65,5 %)** болса, үлгерімі орташа оқушылар саны – **32 (15,7%)** нәтиже көрсетті.

III тоқсан бойынша уақытша аттестатталмаған оқушы – **8 «Ә»** сынып оқушысы **Алшынбай Алуа**. Қорытылмаған пәндері: информатика, физика, химия. Сыныптардың жалпы білім сапасы мен пәндер бойынша көрсеткен нәтижелері төмендегідей:

№	Сыныптар	Жалпы білім сапасы	Пәндер бойынша білім сапасы
1.	7 А	70,6%	82,4 %
2.	7 Ә	66,7 %	85,2%
3.	8 А	94,1 %	99,4 %
4.	8 Ә	70,6%	91,3 %

5.	8 Б	83,3 %,	96,3 %
6.	9 А	81,3%	97,3 %
7.	9 Ә	88,9 %	97,5 %
8.	9 Б	81,3%	90,6 %
9.	10 А	81,3%	97,5 %
10.	10 Ә	88,2%	98,4 %
11.	11 А	100%	100 %
12.	11 Ә	88,9	94,4 %

2025-2026 оқу жылында 7-11 сынып оқушыларының I тоқсан, II тоқсан, III тоқсан бойынша білім сапасының салыстырмалы талдауы

Сыныптар	Оқушылар саны	«5» - үздіктер	«4» - жақсы	«3» - қанағат
7 А	17	4	8	5
7Ә	18	1	11	6
8А	17	1	15	1
8Ә	17	2	10	3
8Б	18	5	10	3
9А	16	1	12	0
9Ә	16	7	8	2
9Б	16	2	11	3
10А	16	5	8	3
10Ә	17	2	13	2
11А	16	5	12	0
11Ә	18	3	13	2

Сыныптар	Білім сапасы I тоқсан	Білім сапасы II тоқсан	I-II тоқсан динамикасы	Білім сапасы III тоқсан	II-III тоқсан динамикасы
7 А	58,8	76,5	+17,7	70,6	-5,9
7Ә	70,6	76,5	+5,9	66,7	-9,8
8А	77,8	100	+22,2	94,1	-5,9

8Ә	94,4	66,7	+22,7	70,6	+3,9
8Б	70,6	94,1	23,5	83,3	-10,8
9А	81,3	81,3	0	100	+18,7
9Ә	75,0	93	+18	87,5	-5,5
9Б	38,9	55,6	+16,7	81,3	-25,7
10А	68,4	94,1	+25,7	81,3	-12,8
10Ә	88,9	99,4	+10,5	88,2	-11,2
11А	100	100	0	100	0
11Ә	72,2	94,4	+22,2	88,9	-5,5
Қорытынды	203	38	133	32	74,7
86,1	+11,4	84,2	-1,9		

2025-2026 оқу жылында III тоқсан бойынша қанағаттарлық бағамен шыққан оқушылар

№	Үлгерімі орташа	3 – сабақтан қанағаттанарлық
7А	5	Базарқұл Нұрислам – алгебра, қазақ тілі, тарих Ержанатқызы Айым – әдебиет, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын, Жандарбек жансая – алгебра, қазақ тілі, ағылшын тілі Жұмабек Тарлан – әдебиет, қазақ тілі, ағылшын тілі Сейіт Нұрасыл – әдебиет, тарих, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын.
7Ә	6	Әділмұрат Нұрсұлу – биология, орыс тілі мен әдебиеті, химия, ағылшын тілі Бегзан Інжу - алгебра, биология, физика, химия, ағылшын тілі. Ернарқызы Аяла – орыс тілі мен әдебиеті, химия Имантай Жандос – биология, орыс тілі мен әдебиеті, физика, химия, ағылшын тілі Сабыр Хадиша – химия Хамидулла Ернар – химия, ағылшын тілі
8А	1	Нұрбекұлы Нұртілек – ағылшын тілі
8Ә	5	Жансерікқызы Іңкәр – ағылшын тілі Мұратбек Заңғар – информатика, физика Сматов Дінмұхмед – биология, ағылшын

		Цэрэг Айдос – биология, орыс тілі мен әдебиеті, физика, ағылшын тілі Шайзан Рауан – әдебиет, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі
8Б		Дюсенбаева Жансулу – ағылшын тілі Ермекбай Рамадин – информатика, ағылшын тілі Хумарбекұлы Сапарғали – информатика, физика, ағылшын тілі
9А	0	
9Ә	2	Абсалям Алдияр – физика Сағынтай Жаннұр – орыс тілі мен әдебиеті
9Б	3	Алданышұлы Ердінұр – алгебра, физика, биология, ағылшын тілі Зенда Исламали – алгебра, физика, биология, химия, орыс тілі мен әдебиеті Қарқын Дархан – биология, физика, ағылшын тілі
10А	3	Арын Нұрсауле – химия Зейнолла Сымбат – химия Сағынтай Гүлназ – орыс тілі мен әдебиеті, химия, ағылшын тілі
10Ә	2	Айдарбек Алихан – орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі Жапаров Рустам – ағылшын тілі
11Ә	2	Қаратай Саят – геометрия, химия, ағылшын тілі Сармурзин Жанмир - химия

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі қаңтар мен наурыз айларындағы ҰБТ сараптамалық талдауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Мухаметжанова талдау нәтижелерімен таныстырып өтті.

ҚАҢТАР мен НАУРЫЗДА ҰБТ тестілеу нәтижелеріне талдау

35 оқушының қаңтар ҰБТ-ға Аманжол Аяжан қатыспады, наурыз ҰБТ-ға Қабылжапарова Махаббат қатыспады.

11 А сынып бойынша орташа нәтижелері:

Оқу сауаттылығы (10 балл): орташа – 9,4, наурыз айында 9,1 сәл төмен

Оқу сауаттылығы бойынша қаңтар айында 9 оқушы 10 балл алды, оның ішінде 3 Алтын белгі үміткері, 4 оқушы 9 балл алды, 3 оқушы-8 балл, наурызда төмен 8 баллдан төмен балл алған оқушылар жоқ.

Математикалық сауаттылығы бойынша орташа көрсеткіш оқу сауаттылығына қарағанда бір қатар төмен. 10 балл алған тек 1 оқушы Қайролла Асанәлі, 9 балды 2 Лашынтай Фархат пен Мерей алды. Ал «Алтын белгіге» үміткерлер Айна -7,

Даяна мен Қарлығаш 8 балл алды, 7-8 балды 4 оқушы, 6 балдан 3 оқушы алған. Аландататын жағдай, матсауаттылықтан шекті деңгейден 4 оқушы 5 балдан төмен алған, Иманғали мен Перизат 4 балл, Жалынбек Аяжан - 5 балл, Алишер мен Досымжан 2 балл алды. Досымжан таңдаған I профильдік пәні математикадан 50-баллдан тек 17 балл алды,

Математикалық сауаттылықтан (10 балл) қаңтар айында орташа – 6,2 балл болса, наурызда - 7,6 балл болды, бір қатар жоғарлады көрсеткіш. Наурызда шекті балдан (5) төмен балл 1 оқушы болды (Перизат -4 балл), ал 5-6 балл алған оқушыларға әлі де матсауаттылық бойынша жеке жұмыс жасау логикалық есептер мен мәтіндік тапсырмаларды шешу қажет (Алишер, Аяжан Жалынбек, Кадырова Жансая, Иманғали).

Қазақстан тарихы (20 балл) қаңтарда орташа балл 12,8 – 65% орташа, «дохлая четверка», наурызда оқушылар көрсеткіштері жоғарлады, орташа 14,8 балл болды. Төмен тапсыратын және жеке жұмыс жасау қажет ететін Қайролла Асанәлі, Құрман Досымжан. Тақырыптарды жүйелеу және даталармен жұмыс қажет екенін аңғартады.

Таңдау пәндер бойынша нәтижелер әртүрлі.

11 А

Профильдік пән	пәнді таңдаған оқушы саны	Қаңтар ҰБТ	Наурыз ҰБТ	Айырмашылығы	Білім сапасы	Білім сапасы ІІІ тоқсан
География	2	30	32	2	50	100
Физика	2	20	21,5	1,5	0	89
Биология	3	38,3	38	0,3	66,7	100
Дүние жүзі тарихы	3	24,3	31	5,3	33,3	100
Математика	9	28	29,9	1,9	44,4	100
Информатика	5	32,3	34,8	2,5	60	100
Қазақ тілі	1	49	50	1	100	100
Ағылшын тілі	1	19	27	8	0	100
Химия	3	26,7	26	0,7	0	89
Құқық негіздері	2	28,5	30,5	2	0	100
Қазақ әдебиеті	1	48	49	1	100	100
Шығармашылық	1					

Қазақ тілі, қазақ әдебиетінен Қарлығаш тұрақты жақсы тапсырады. Қаңтар ҰБТ нәтижесі бойынша профильдік пәндерден «5» алу үшін 43 балл, «4» - 33 баллдан жоғары алу керек, ал 32 және одан да аз сұраққа дұрыс жауап берген жағдайда «3», ал 20 және одан да аз сұраққа дұрыс жауап берген жағдайда «2» алады. Енді бағаға аударсақ, ағылшын тілі, физикадан –«2», биология, информатикадан-4, құқықтану, д/ж тарихы, математика, география пәндері бойынша –«3». Наурыз

айындағы ҰБТ нәтижесі бойынша математикадан Құрман Досымжан «2» алды, 6 оқушы «3», 9 оқушы «4», Құлшымбек Қарлығаш «5» алды, білім сапасы - 59%.

140 балдан ең жоғары 134-138 балл алған Құлшымбек Қарлығаш, Қайролла Асанәлі 101-91, Жақсылық Даяна 101-115 балл, Лашынтай Фархат 101-111, Ашкенова Нұргуль -100-98 балл алды. Алдыкова Айна -82-90 балл алды (сынақ тестілер көрсеткіші 70-76 аралығында). Төмен балл алғандар Ақтан Меруерт – 65-75, Құрман Досымжан 69-87 балл.

11 «Ә» сыныбының ҰБТ сынама тестілеу нәтижелеріне талдау

18 оқушының қаңтар барлығы қатысты, оның 1 шығармашылық – Қорқытбаева Ділназ.

Қаңтар ҰБТ-да оқу сауаттылығы (10 балл): орташа – 8,2, наурызда 8,6 баллды құрады.

Оқу сауаттылығы бойынша 5 оқушы 10 балл алды, оның ішінде 1 «Алтын белгі» үміткері Сәркен Айғаным, 3 оқушы 9 балл алды, 5 оқушы-8 балл. Сабит Асылхан шекті деңгейден төмен 4 балл алды. Наурызда барлық оқушылар шекті деңгейден жоғары балладр алды, тек Садыкова Томирис пен Үнбет Гүлназ 7 баллдан алды, қалған оқушылар жоғары балл жинады.

Математикалық сауаттылық (10 балл): орташа – 5,3, наурызда 7,2 балл болды, әліде шекті деңгеден төмен 4 балл Назым, 5 балл Махмет Алаш пен Сабит Асылхан алып тұр. Математикалық сауаттылығы бойынша орташа көрсеткіш оқу сауаттылығына қарағанда бір қатар төмен. 10 балл Турисбекова Алина, Шалғынбаева Мерей алды, 9 балды Үнбет Гүлназ, Қабақбай Томирис алды. Ал «Алтын белгіге» үміткер Сәркен Айғаным қаңтарда 6 балл алса, наурызда 8 бал алды. Қаңтарда матсауаттылықтан шекті деңгейден 7 оқушы 5 балдан төмен алса, наурызда Құдайберген Назым ғана. Қаңтарда 2 балл алған Алаш наурызда 5 балл алды, таңдаған профильдік пәндері математика мен физикадан тұрақты 26-30 балл алды.

Қазақстан тарихы (20 балл): орташа – 12,6 – 65% орташа балл наурызда төмендеп 11,8 балл болды. Қабақбай Томирис 20 балл, Сейсен Әлима 19-17, яғни «5»-ке тапсырып жүр. Ал, Қорқытбаева Ділназ, Қаратай Саят, Бейсенбай Жұлдызбен жеке тақырыптарды жүйелеу және даталармен жұмыс қажет екенін аңғартады.

11 Ә Таңдау пәндер бойынша нәтижелер әртүрлі

Профильдік пән	пәнді таңдаған оқуш саны	Қаңтар ҰБТ	Наурыз ҰБТ	Айыр-машы-лығы	ҰБТ білім сапасы	Білім сапасы ІІІ тоқсан
География	3	30	28,3	1,7	0	100
Физика	6	19	19,2	0,2	40	89
Биология	5	32,8	30,6	2,2	40	100
Дүние жүзі тарихы	5	25	28,6	3,6	50	100
Математика	7	20,5	22,7	2,2	14,3	94,4
Ағылшын тілі	3	26	38,7	12,7	66,7	88,4

Химия	3	27,5	29	1,5	66,7	89
Құқық негіздері	2	34,5	37	2,5	50	100
Шығармашылық	2					

140 балдан ең жоғары 132 , 137 балл алған Қабақбай Томирис, 102 -105 балл – Аденбай айсұлу, Сейсен Алима -106, Үнбет Гүлназ 105-104 балл алды.

Төмен балл алғандар Башарова-67-70, Камалова Турсынай 66-80, Қаратай Саят-56-66, Сабит Асылхан-47-42, Сармурзин Жанмир -40-49, Үсен Қазына -68-72 балл.

Осылайша, ҰБТ- нәтижесінде талдау негізінде математика, физика, химия, география, химия, ағылшын тілі, құқық негіздері, дүние жүзі профильдік пәндерден III тоқсан және ҰБТ нәтижесі бойынша білім сапасын салыстарғанда айтарлықтай алшақтық байқалады.

Сондықтан, қаңтар және наурыз айындағы ҰБТ сараптамалық талдау тесттерінің нәтижесі негізінде «қауіпті топтағы» оқушылармен (шекті балл жинай алмаған) және жоғары баллға үміткерлермен мақсатты дайындық жұмыстары күшейтілсін.

✓ Пән мұғалімдері әр сынақ тесттен кейін қате жіберген сұрақтарды әр оқушымен жеке талдау жұмысын жүргізісін;

✓ Математикалық сауаттылық бойынша төмен балл жинайтын оқушылармен күнделікті жеке жұмыс жасалсын.

4. Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша Тәжірибе алаңы: «Абай мұрасы – ұлттық құндылық пен тұлғалық дамудың тәжірибелік моделі» дарынды балалармен жұмыс тәжірибесі, нәтижесі, даму перспективасы

Гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, қазақ тілі мұғалімі – Ахат А.Н., қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі – Оңғарбай Ж өз баяндамаларымен таныстырып өтті. Ең алдымен Ахат А.Д баяндамасын таныстырды.

Жас ұрпақтың тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Олардың жаңаша ойлануына, біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру - жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе болып қала береді. Танымал ғалым, педагог, философ, профессор Джон Дьюидің: «Егер біз бүгін балаларымызды кешегідегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз» деген ойына негізделе отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастап отырмыз дегім келеді.

Бүгінгі баяндаманың тақырыбы – «Тәжірибе алаңы: Абай мұрасы – ұлттық құндылық пен тұлғалық дамудың тәжірибелік моделі». Бұл бағыттағы жұмыс қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – дарынды оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамыту мен олардың ұлттық құндылықтар негізінде тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындап отыр.

Мақсаты – Абай шығармаларының мазмұны мен тағылымдық әлеуетін білім беру үдерісіне жүйелі енгізу арқылы дарынды оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық және рухани-адамгершілік қабілеттерін кешенді дамыту, олардың ұлттық құндылықтарға негізделген тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету және осы бағыттағы тиімді педагогикалық тәжірибені айқындау, жинақтау, тарату.

2023 жылы «Оқушының ғылыми-зерттеушілік ізденісін қалыптастыру жолдары» тақырыбымен республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, тәжірибе алмасқанмын. Матералдары конференция материалдары жинағының 41-46 беттерінде жарық көрді. Онда оқушының ғылыми-зерттеушілік ізденісін қалыптастырудың 8 жолын қарастырдым:

- танымдық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқу процесінде түрлі тәсілдерді қолдану арқылы дарынды баланы анықтау;
- шығармашылық қабілеттерін ашу және жүзеге асыру;
- зерттеушілік мотивациясын ынталандыруды қамтамасыз ету;
- оқушыны олимпиада, түрлі деңгейлі конкурстарға қатыстыру арқылы зерттеу немесе оның элементтерін жүзеге асыру;
- ғылым зерттеу (жоба) жазуға тарту, материалдық-техникалық жағдай жасау;
- зерттеу (жоба) жұмысының Ереже/талаптарымен таныстыру;
- шығармашыл оқушыға сауатты басшылық жасауға қабілетті мамандармен жұмыс жасау үшін ЖОО –мен қарым-қатынасты дамыту;
- тақырып таңдау.

Баяндаманың жалпы мазмұны хаттама соңында қосымша тіркелді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жұлдыз Оңғарбай өз баяндамасы бойынша төмендегідей ақпараттарды айтып өтті.

Мен өз тәжірибемде дарынды оқушылармен жұмысты ең алдымен оларды анықтаудан бастаймын. Сабак барысында оқушылардың мәтінді қабылдау деңгейіне, өз ойын жеткізуіне, сұрақтарға жауап беруіне, шығармашылық тапсырмаларды орындауына ерекше назар аударамын. Сонымен қатар диагностикалық тапсырмалар, эссе жазу, мәтін талдау арқылы олардың қабілеттерін айқындаймын. Осы негізде дарынды оқушылар іріктеліп, олармен жеке жұмыс жоспары құрылады.

Жұмыс жүйелі түрде бірнеше бағытта жүзеге асырылады. Біріншіден, ғылыми-зерттеу жұмыстары. Оқушыларға әдебиет пен ұлттық құндылықтарға байланысты тақырыптар ұсынылып, ғылыми жоба жазуға бағыт беріледі. Бұл олардың іздену, талдау, қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады. Екіншіден, пәндік олимпиадаларға дайындық жұмыстары жүргізіледі. Мұнда оқушыларға күрделі мәтіндермен жұмыс, әдеби талдау, эссе жазу, тілдік нормаларды сақтау дағдылары үйретіледі. Үшіншіден, шығармашылық бағыттағы жұмыстар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, көркем сөз оқу, өлең жазу, әдеби кештерге қатысу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеті дамытылады.

Қорытындылай келе, дарынды оқушылармен жүргізілетін жүйелі жұмыс олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы артып, жан-жақты дамыған тұлға қалыптасады.

Баяндаманың жалпы мазмұны хаттама соңында қосымша тіркелді.

5. Күн тәртібінің бесінші мәселесі мектепте кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу – тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы бағытта директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары Кайржанова М.Н., педагог-психолог Рысмаганбетова А.М. және әлеуметтік педагог Сундык А.М. бірлескен жоспар негізінде жүйелі, мақсатты жұмыстар жүргізді.

Жылдық жоспарға сәйкес алдын алу шаралары бірнеше бағытта ұйымдастырылды: құқықтық сауаттылықты арттыру, тәуекел тобындағы оқушылармен жеке жұмыс, ата-аналармен байланыс, психологиялық қолдау көрсету және бос уақытты тиімді ұйымдастыру. Оқушылардың құқықтық білімін арттыру мақсатында түрлі форматтағы тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, «Жасөспірім және заң», «Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет», «Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік», «Буллинг және оның салдары», «Киберқауіпсіздік» тақырыптарында сынып сағаттары, дәрістер, пікірталастар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Бұл шаралар барысында оқушыларға Қазақстан Республикасының заңнамалары, олардың құқықтары мен міндеттері, құқық бұзушылықтың салдары жан-жақты түсіндірілді.

Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлескен кездесулер өткізілді. Кездесулер барысында инспекторлар мен мамандар оқушыларға нақты өмірлік мысалдар келтіріп, заң талаптарын сақтау қажеттігін түсіндірді. Бұл жұмыстар оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға оң әсерін тигізді. Педагог-психолог Рысмаганбетова А.М. тарапынан оқушылардың психологиялық жағдайын анықтау мақсатында түрлі диагностикалық зерттеулер жүргізілді. Зерттеу нәтижелері негізінде оқушылармен жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, агрессия деңгейін төмендету, күйзелістің алдын алу, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында тренингтер мен психологиялық сабақтар өткізілді.

Әлеуметтік педагог Сундык А.М. әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы және толық емес отбасылардан шыққан оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізді. Оқушылардың тұрмыстық жағдайлары зерттеліп, қажет болған жағдайда материалдық және әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері қарастырылды. Сонымен

қатар, оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау, себепсіз қалмауын қадағалау жұмыстары жүргізілді. Ата-аналармен жұмыс та басты назарда болды. Ата-аналар жиналыстарында құқықтық тәрбие, бала тәрбиесіндегі жауапкершілік, интернет қауіпсіздігі, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, қиын балалардың ата-аналарымен жеке кездесулер ұйымдастырылып, кеңестер берілді. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру да құқық бұзушылықтың алдын алудың маңызды факторы ретінде қарастырылды. Осы мақсатта оқушылар түрлі үйірмелерге, спорттық секцияларға, шығармашылық және мәдени іс-шараларға тартылды. Бұл олардың қызығушылықтарын дамытып, бос уақыттарын пайдалы өткізуіне ықпал етті. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады.

6. Күн тәртібінің алтыншы мәселесі жөнінде қорытынды аттестаттау, сыныптан – сыныпқа көшіру емтихандарының мерзімдері мен көрсетілген кестесін бекіту бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Мухаметжанова ақпарат ұсынды.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2008 жылғы 18 наурыздағы № 125** бұйрығы негізінде **9 (10) - сынып** оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – **2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым** аралығында өткізіледі.

11 (12) - сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – **2026 жылғы 2 маусым - 16 маусым** аралығында өтеді.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2008 жылғы 18 наурыздағы 125 бұйрығы** негізінде орындалады.

39-40. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген **9 (10) сынып** білім алушылары төрт пәннен емтихан тапсырады, оның біреуі таңдау бойынша:

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ ұйғыр/ тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – **2026 жылғы 29 мамыр**

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – **2026 жылғы 3 маусым**

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі – **2026 жылғы 8 маусым**

4) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – **2026 жылғы 11 маусым** аралығында өткізіледі.

41. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген 11 (12) сынып білім алушылары бес емтихан түрінде қорытынды аттестаттау тапсырады, олардың біреуі таңдау бойынша:

1.Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - **2026 жылғы 02 маусым**

2.Алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан - **2026 жылғы 5 маусым**

3.Қазақ/орыс тілі бойынша және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер/ сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - **2026 жылғы 9 маусым** аралығында өтеді.

4.Таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан - **2026 жылғы 12 маусым**

5. Қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан - **2026 жылғы 15 маусым**

35. Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (7-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда өткізіледі.

7. Күн тәртібінің жетінші мәселесі бойынша олимпиада, ғылыми жоба, шығармашылық мамандандырылған байқау нәтижелерін директордың бейіндік оқыту бойынша орынбасары Торсунова Б.Р төмендегідей мәліметтер ұсынды:

Олимпиада, ғылыми жоба, шығармашылық мамандандырылған байқау нәтижелерін талдау

1 жартыжылдықта жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сыныптар арасында және 9-11 сыныптар арасындағы олимпиадалары өтті.

Олимпиадалардың нәтижесінде:

9-11 сыныптар арасындағы жалпы пәндер олимпиадасының облыстық кезеңі талдауы

2023 – 2024 оқу жылы	2024 – 2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Орын саны – 22	Орын саны - 19	Орын саны - 22
1 - орын – 6	1 - орын – 3	1 - орын – 4
2 - орын – 5	2 - орын – 3	2 - орын – 5
3 - орын – 9	3 - орын – 9	3 - орын – 9
Грамота – 2	Грамота – 4	Грамота – 4

Жалпы – жыл сайын қатысқандар саны 31, 30, 27.

7-8 сыныптар арасындағы жалпы пәндер олимпиадасының облыстық кезеңі талдауы

2023 – 2024 оқу жылы	2024 – 2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Орын саны – 2	Орын саны – 10	Орын саны – 11
1-орын – 1	1 орын - 1	1 орын – 2
3-орын – 1	2 орын – 7	2 орын – 2
	3 орын - 1	3 орын – 6
	Грамота – 1	Грамота - 1

Облыстық ғылыми жобалар байқауының облыстық кезеңінің нәтижелері

2023 – 2024 оқу жылы	2024 – 2025 оқу жылы	2025 – 2026 оқу жылы
Орын саны – 8	Орын саны – 14	Орын саны – 18
1-орын – 3	1 орын – 3	1 орын – 2
2-орын – 1	2 орын – 5	2 орын – 7
3-орын – 3	3 орын – 5	3 орын – 7
Грамота – 1	Грамота - 1	Грамота - 2

Республикалық ғылыми жобалар байқауындағы нәтижелеріне талдау

2023 – 2024 оқу жылы	2024 – 2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
2-орын – Ким Камила, 10 сынып Биология	2-орын – Жунусова Аружан, 8-сын.	2 – орын – Имантай Жансұлу,
2 – орын – Қабақбай Томирис, 9 сынып Биология	ағылшын тілі пәні 3 – орын - Сейсен Әлима 10 сын., орыс тілі мен әдебиеті	2 – орын Дүйсенбек Ақерке 10 – сын., қазақ тілі мен әдебиеті,
2 – орын – Сейсен Әлима 9 сынып орыс тілі мен әдебиеті	3 – орын Дүйсенбек Ақерке 3 – орын Бегзан Зерде 9-сын. қазақ тілі мен әдебиеті Грамота – Базарқұл Мадияна 9 сын., биология	3 – орын – Баянбай Әмина 9-сын., орыс тілі мен әдебиеті Грамота – Каиржанова Перизат, 11 сын., құқық негіздері
2 орын – 3	2 орын – 1, 3 орын – 3, гр. – 1	2 орын – 2, 3 орын – 1, гр. – 1

Шығармашылық байқаулардың нәтижелері

Байқау атауы	Оқушының аты - жөні	Орны
2025 – 2026 оқу жылы		
«Менің шағын Отаным» шығармашылық байқауы	Аскерова Салтанат	I
«Іші – алтын, сырты – күміс, сөз жақсысы...» Шешендік өнер байқауы (Тараз қ.)	Құлшымбек Қарлығаш Жақсылық Даяна	II
2024 – 2025 оқу жылы		
Қ. Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті олимпиадасы	Құлшымбек Қарлығаш	II
«Іші – алтын, сырты – күміс, сөз жақсысы...» Шешендік өнер	Жанұзақ Ажар Шаменова Фариза	III

байқауы (Көкшетау қ., Шымкент қ.)	Дүйсенбек Ақерке Имантай Жансұлу	II
«Яссауитану – 2025»	Жақсылық Даяна Мұратбек Жанерке	I II
«Абайтану» Республикалық олимпиада	Арын Нұрсәуле Тогтау Иманғали	III грамота
2023 – 2024 оқу жылы		
«Жарқын Болашақ» шығармашылық байқауы	Әміржан Нұрлы Дулатова Алуа	II III
Мәшһүр - Жүсіп оқулары	Дулатова Алуа	II
«Іші – алтын, сырты – күміс, сөз жақсысы...» Шешендік өнер байқауы (Қарағанды қ.,)	Касенова Дария Қалымтай Айша Исламбекова Аружан	III Грамота II орын

Оқушылардың жеңісі табандылық пен «оқушы - мұғалім-ата-ана» үштік одақтың бірлескен жұмысының нәтижесі.
Олимпиада, ғылыми жоба, шығармашылық байқау нәтижелері хаттаманың соңына қосымша тіркелді.

**«Ұлттық құндылықтар мен тұлғалық даму: заманауи ұстаз көзқарасы»
Абай желілік мектептері аясындағы педагогтердің тәжірибесі тақырыбы
бойынша №4 Педагогикалық кеңес отырысының
ҚАУЛЫСЫ:**

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, педагогикалық кеңес
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

I сұрақ бойынша:

1. Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер:

- ✓ оқушылардың сабаққа қатысуын тұрақты бақылауға алсын;
- ✓ білім сапасы төмен оқушылар өзіндік дайындықта (сампад) бақылауға алынсын. Дарынды оқушыларды тәлімгер ретінде тарту;
- ✓ ата-аналармен байланыс жұмыстарын жүйелі ұйымдастырып, үлгерімі төмен оқушылардың ата-аналарына ескерту берілсін.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: сынып жетекшілер, тәрбиешілер

2. Пән мұғалімдері:

- ✓ білім сапасын арттыруға бағытталған сараланған тапсырмалар мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануды күшейтсін;
- ✓ оқу мақсаттарын меңгеруде қиындық көріп жүрген оқушылармен пән мұғалімі жүйелі, мақсатты түрде жұмыстарды ұйымдастырсын;
- ✓ қалыптастырушы бағалау нәтижелеріне тұрақты талдау жүргізсін.

Мерзімі: IV тоқсан бойы

Жауаптылар: пән мұғалімдері

3. Оқу ісі жөніндегі орынбасар:

- ✓ білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштеріне ай сайын мониторинг жүргізсін, білім сапасы төмен сыныптар мен пәндер мектепішілік бақылауға алынсын;

Мерзімі: тұрақты

Жауапты: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

II сұрақ бойынша:

Қаңтар айындағы ҰБТ сараптамалық талдау тесттерінің нәтижесі негізінде «қауіпті топтағы» оқушылармен (шектеді балл жинай алмаған) және жоғары баллға үміткерлермен мақсатты дайындық жұмыстары күшейтілсін;

✓ Пән мұғалімдері әр сынақ тесттен кейін қате жіберген сұрақтарды әр оқушымен жеке талдау жұмысын жүргізсін;

✓ Математикалық сауаттылық бойынша төмен балл жинайтын оқушылармен күнделікті жеке жұмыс жасалсын;

✓ Сынып жетекшілері пән мұғалімдерімен бірлесіп 10 сыныпқа қабылданатын оқушылармен профильдік пәндер анықтау жұмыстарын өткізсін;

✓ Сынып жетекшілері пән мұғалімдерімен бірлесіп 10 сыныпқа қабылданатын оқушылармен профильдік пәндер анықтау жұмыстарын өткізсін;

✓ 9 сынып жетекшілері (Маженова А.А., Темірбек И.Т., Караманова Г.М.) оқушылардың таңдаған профильдік пәндер тізімін оқу ісі бойынша директор орынбасарына а.ж.1 сәуіріне дейін тапсырсын.

III сұрақ: Аттестаттау және емтихан кестелері және емтихан алатын мұғалімдер мен ассистенттер тізімі бекітілсін.

✓ 9, 11 - сыныптардың қорытынды аттестаттау емтихан және 5-8, 10-сыныптардың 26 мамыр сыныптан-сыныпқа көшіру емтихан келесі кестесі бекітілсін:

✓ 7 – 8 – 10 сыныптардың емтихан материалдары 15 сәуірде тапсырылсын.

✓ Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері оқушылар мен ата-аналарды емтихан ережелерімен және мерзімдерімен ресми түрде таныстырсын;

✓ Қорытынды аттестаттауға дайындық сабақтар бекітілген кестеге сәйкес өткізілсін.

IV сұрақ: Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша

✓ Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бойынша бірлескен жұмыстардың деңгейі «қанағаттарлық» деп есептелсін;

✓ Мектеп психологі мен әлеуметтік педагогқа құқық қорғау органдарымен бірлесіп, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша кешенді іс-шаралар өткізуі жалғастырылсын.

VI сұрақ: Олимпиада және ғылыми жобалар бойынша

✓ Облыстық, республикалық деңгейдегі олимпиадалар мен ғылыми жобалардың, шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстары күшейтілсін;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадалар, ғылыми жобалар конкурстарына қатысуға арналған перспективалық жоспары құрылсын;

✓ Ғылыми жобаларды дайындағанда өзекті мәселер ескеріліп негізге алынсын;

✓ Жеңімпаз оқушыларды дайындаған мұғалімдердің іс-тәжірибесі мектеп деңгейінде таратылсын.

VII сұрақ: «Абай мұрасы» тәжірибе алаңы бойынша

✓ «Абай мұрасы – ұлттық құндылық пен тұлғалық дамудың тәжірибелік моделі» бағытындағы дарынды балалармен жұмыс жүйесі жалғастырылсын;

✓ Абайдың «Толық адам» концепциясын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу бойынша педагогтердің авторлық бағдарламалары мен әдістемелік жинақтары әзірленсін;

✓ Қазақ тілі мен әдебиетінен Абай желілік мектептерінің сайыстары, «Абайтану» олимпиадасы мен оқуларға оқушыларды дайындау және қатыстыру перспективалық жоспары құрылсын.

Мектеп директоры:

Хатшы:



А.Курмашева

А.Бердалиева